


DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Ыдыс-аяқ жуатын машина
DEXP
M6D7PF


Қысқаша нұсқаулық




1 Ұйдыс-аяқ жуатын машинаны орнатыңыз және қосыңыз.



2 Ұйдысты тамақтың ірі қалдықтарынан тазалаңыз.



3 Ұйдысты тиеніз.



4 Ұйдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған жуғыш күралды, шайғышты және тұзды қосыңыз.



5 Құрылғыны қосыңыз, жуу бағдарламасын таңдаңыз және жуу циклін іске қосу үшін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.



Мазмұны

Құрылғының міндеті	6
Сақтық шаралары	6
Құрылғы схемасы	9
Аксессуарлар	9
Орнату	10
Орнатуға дайындық	10
Электрмен жабдықтауға қосу	11
Сүмен жабдықтауға қосу	11
Құрылғымен жұмыс	14
Басқару панелі	14
Индикаторлар	15
Түймелердің сипаттамасы	16
Пайдалануды бастар алдында	17
Сүға арналған жұмсақтқыш	17
Шайыш	19
Жуғыш құрал	21
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаның себеттерін тиесу	23
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаға ұйдысты тиедің тәсілдері	24
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаны іске қосу	26
Жуу циклін іске қосу	26
Бағдарламаны өзгерту	26
Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда ұйдысты қосымша тиесу	26
Жуу циклінің аяқталуы	27
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаны сөндіру	27
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаға күтім жасау және тазалау	27
Ұйдыс-аяқ жуатын машинаның корпусын тазалау	28
Есікті тазалау	28
Мұздап қатудан қорғау	28
Сүзгіні тазалау	29
Шашыратқыштарды тазалау	30
Ұйдыс жууға арналған бағдарламалар	31

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері	32
Қателер кодтары	35
Техникалық сипаттамалар	36
Құрылғы өлшемдері	36
Ерекшеліктер	37
Энергия тиімділігі туралы ақпарат	38
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	39
Қосымша ақпарат	40

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бүйімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының міндеті

Ыдыс-аяқ жуатын машина — ыдысты автоматты түрде жууға арналған электр-механикалық қондырғы.

Сақтық шаралары

Назар аударыңыз: ыдыс-аяқ жуатын машинаны пайдаланғанда аталған сақтық шараларын сақтаңыз.


1. Осы құрылғы тек қана түрмистық пайдалануға және келесі жағдайларда пайдалануға арналған:
 - дүкендер, кеңселер мен басқа жұмыс үй-жайларындағы қызметтік асүйлер;
 - фермерлік үйлер;
 - отельдер, мейманханалар және қонақ үй типіндегі басқа орындар.
2. Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі түлғалардың пайдалануына арналмаған. Ыдыс-аяқ жуатын машинаға қызмет көрсетілген немесе тазалау жүргізген кезде балалар қадағалауда болуы тиіс. Балаларға ыдыс-аяқ жуатын машинамен ойнауға рұқсат берменеңіз.
3. Бұл жабдық тек қана үй-жайда пайдалануға арналған. Электр тогымен зақымдануға жол бермеу үшін жабдықты, қуат беру баусымын немесе ашаны судың немесе басқа сұйықтықтардың әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Үйдыс-аяқ жуатын машинаға техникалық қызмет көрсетуді және тазалауды бастар алдында оны розеткадан ажыратыңыз. Тазалау үшін сабынды суға ма-лынған жұмсақ матаны пайдаланыңыз, содан кейін ыдыс-аяқ жуатын машинаны құрғатып сүртіп алыңыз.
5. Жабдық жерге түйікталған болуы тиіс. Ақаулықтар немесе сынуулар пайда болған жағдайда жерге түйіктау, электр тогының ең кіші кедергі жолын қамтамасыз ете отырып, электр тогымен зақымдану қатерін төмendetеді. Бұл аспап жерге түйіктау сымымен және жерге түйікталған ашамен жабдықтаңған.

6. Аша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орнатылған және жерге түйікталған тиісті розеткаға қосылуы қажет.
Жерге түйіктай сымының лайықсыз қосылуы электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін. Егер сіз жерге түйікталудың сенімділігіне күмәнді болсаңыз, білікті электршіден кеңес алыңыз.
7. Егер ол розеткаға сәйкес келмейтін болса, жабдықпен жиынтықта берілетін аша құрылымына өзгерістер енгізбеніз. Тиісті розетканы орнату үшін ма-манға жүгініңіз.
8. Үдис-аяқ жуатын машинадағы есікке немесе ыдысқа арналған сөрелерге отыруға немесе тұруға болмайды.
9. Егер панельдер тиісті орындарға орнатылмаған болса, ыдыс-аяқ жуатын машинаны іске қоспаңыз.
10. Үдис-аяқ жуатын машина жұмыс істеп тұрған кезде судың шашырауына жол бермеу үшін есікті абылап ашыңыз.
11. Ауыр заттарды ыдыс-аяқ жуатын машинаның ашық есігіне қоймаңыз. Ол төңкеріліп кетуі мүмкін.
12. Үдисты жуу үшін тиегенде:
 - пышақтардың және басқа өткір заттардың ұшы төмен қаратылып немесе көлденеңінен жайғастырылуы тиіс;
 - өткір заттарды ыдыс-аяқ жуатын машина есігінің нығыздағыш төсеміне зақым келтірмейтіндей етіп жайғастырыңыз;
 - жуу циклі аяқталғаннан кейін бөлікте жуғыш құрал жоқ екеніне көз жет-кізіңіз;
 - арнайы таңбаламасы жоқ пластик ыдисты ыдыс-аяқ жуатын машинаға орналастырмаңыз;
 - автоматты ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған жуғыш құралдарды және шайғыштарды пайдаланыңыз;
 - ыдыс-аяқ жуатын машинада сабынды, жуғыш ұнтақты немесе қол жууға арналған құралды пайдаланбаңыз.
13. Пластик заттардың қыздырғыш элементпен түйісуіне жол берменіз.
14. Үдис-аяқ жуатын машинаны пайдаланғанда балаларды қадағалаусыз қал-дырмаңыз.
15. Егер қуат беру баусымы зақымданған болса, оны ауыстыру қажет. Сервистік орталықта жүгініңіз.
16. Жабдықты орнатқанда қуат беру баусымы бүгілменегеніне немесе жаншыл-мағанына көз жеткізіңіз.
17. Аспап су құбыры желісіне құбыршектердің жаңа жиынтықтарын пайдалану-мен қосылуы тиіс, есік құбыршектерді қайталап пайдалануға болмайды.
18. Үдис жиынтықтарының максималды саны – 6.
19. Кірістегі судың максималды рүқсат етілген қысымы 1 МПа құрайды.
20. Кірістегі судың минималды рүқсат етілген қысымы 0,04 МПа құрайды.
21. Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
22. Белгілі бір жағдайларда газ тәрізді сутек екі немесе одан астам апта бойы пайдаланылмаған ыстық сүмен жабдықтау жүйесінде пайда болуы мүмкін.
Газ тәрізді сүтектің жарылу қауپі бар! Егер ыстық сүмен жабдықтау жүйесі үзақ үақыт бойы пайдаланылмаған болса, ыдыс-аяқ жуатын машинаның жұмысын бастар алдында шүмектерді ашыңыз және осы шүмектер арқылы

бірнеше минут ішінде су ағызыңыз. Бұл жиналған газ тәрізді сутекті шыға-руға мүмкіндік береді. Газ жанғыш болып табылатындықтан, операцияны орындағанда темекі тартпаңыз және жақын жерде ашық жалынды пайдаланбаңыз.

23. Жұмыс кезінде немесе жұмыс аяқталғаннан кейін бірден қыздырғыш элементке қол тигізбеңіз.
24. Тұрақты орнатылған сымда құат көзінен ажыратуға арналған құрылғы қарастырылуы тиіс, оның барлық полюстерінде түйіспелер арасындағы кем дегендे 3 мм саңылау болуы қажет.
25. Жұғыш құралдарды және шайғыштарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға ыдыс-аяқ жуатын машинаның есігіне жақындауға рүқсат бермендіз, өйткені оның ішкі бетінде жуғыш құралдың қалдықтары болуы мүмкін.
26. Ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған жұғыш құралдар жоғары сілтілі болып табылады және жұтылған жағдайда өте қауіпті болуы мүмкін. Жұғыш құралдардың тері мен көзге тиуіне жол бермендіз.
27. Ыдыс-аяқ жуатын машинаның есігін ашық күйде қалдырмаңыз, өйткені сүрініп қалу қаупі бар.
28. Қаптау материалдарын кәдеге жарату ережелеріне сәйкес кәдеге жаратыңыз.
29. Құрылғының және басқару панелінің құрылымына өзгерістер енгізбеніз.
30. Егер ыдыс-аяқ жуатын машина кілемді жабыны бар еденге орнатылған болса, құрылғы корпусының төменгі желдеткіш тесіктері бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.


Құрылғы схемасы



1. Жұмсартқышқа арналған контейнер.
2. Мәлшерлегіш.
3. Шашыратқыш.
4. Сүзгі.


Аксессуарлар*

Себет



Саптыаяқтарға
арналған таған

Асхана аспаптарына
арналған таған



*Улгілердің жиынтықталуы ерекшеленуі мүмкін.

Орнату

Назар аударыңыз!

Құбыр желілері мен электр жабдықтарының қосылуын білікті маман жүзеге асыруы тиіс.

Үйдіс-аяқ жуатын машинаны орнатар алдында электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін қуатты ажыратыңыз.

Орнатуға дайындық

Үйдіс-аяқ жуатын машина орнатылатын жер электрлік розетканың және кәріз бен сумен жабдықтаудың қолданыстағы жеткізілмдерінің жаңында жайғасуы тиіс. Үйдіс-аяқ жуатын машинаны шұңғылшаның жаңына үйдіс-аяқ жуатын машинаның төкпе құбыршектерін қосу үшін орнату ұсынылады.

Орнатуды бастар алдында қажетті аксессуарлардың бар болуына көз жеткізініз.

Орнатуды бастар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Үйдіс-аяқ жуатын машинаны орнатар алдында орын дайындаңыз:

1. Сумен жабдықтауды және төкпе құбыршектерді қосу ыңғайлылығы үшін шұңғылшаның жаңынан орын таңдаңыз.
2. Машинаны тегіс, тұрақты бетке орнатыңыз.
3. Үйдіс-аяқ жуатын машинаның артқы жағы қабырғаға, ал бүйірлік қабырғалары асүй гарнитурының қабырғаларына немесе үй-жайдың қабырғаларына жаңасуы тиіс.
4. Үйдіс-аяқ жуатын машинада кіріс және шығыс келтеқұбырлары бар, оларға қосылу оң жақтан немесе сол жақтан жүзеге асырылуы мүмкін.

Электрмен жабдықтауға қосу

Назар аударыңыз!

Қосу үшін ұзартқышты немесе жалғастырғыш тетіктерді пайдалануға болмайды. Құат беру баусымының жерге түйіктайтын сымын алып тастауға болмайды.

Қосуға қойылатын талаптар

- Ұйдыс-аяқ жуатын машинаны тиісті құат көзіне қосуға арналған атаулы кернеу туралы ақпарат төлкүжат тақтайшасында көрсетілген.
- 10A сақтандырғышты, іске қосылуы кейінгे қалдырылған сақтандырғышты немесе ажыратқыш автоматты пайдалану, сонымен қатар тек қана ұйдыс-аяқ жуатын машинаға арналған жеке желіні қамтамасыз ету ұсынылады.
- Кернеу мен жиіліктің төлкүжат тақтайшасында көрсетілген деректерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ашаны тек қана жерге түйікталған розеткаға қосыңыз. Егер аша электрлік розеткаға сәйкес келмесе, розетканы ауыстырыңыз. Жалғастырғыш тетіктерді пайдалану ұсынылмайды, олар қызып кетіп, аспаптың бұзылуына әкеleуі мүмкін.

Сүмен жабдықтауға қосу

Қую құбыршегін қосу

Ұйдыс-аяқ жуатын машинаның сүмен жабдықтау желісіне қосылуы жаңа құбыршектер жиынтығының көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

Су қысымы 0,04 МПа-дан 1 МПа-ға дейінгі шектерде болуы тиіс. Егер қысым орнатылған минимумнан төмен болса, сүмен жабдықтау қызметтерін жеткізушіге жүгініңіз. Егер су құбырлары жаңа болса немесе олар ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған болса, судың таза екеніне көз жеткізу үшін судың ағуына мүмкіндік беріңіз. Бұл сақтық шарасы суға арналған енгізу тесігінің бітелу қатерін және аспаптың бұзылуын болдырмау үшін қажет.

Ағып кетулерге жол бермеу үшін сақтандырғыш клапаны бар арнайы құбыршекті (жеткізу жиынтығына кірмейді) пайдалану ұсынылады.





Сақтандырғыш клапан арқылы қосу

1. Ұйдыс-аяқ жуатын машинаның артқы қабырғасындағы сақтауға арналған бөліктен құбыршектер жиынтығын алып шығыңыз.
2. Қауіпсіз құбыршектің сомындарын $\frac{3}{4}$ бұрандалада шумекте қатайтыңыз.
3. Ұйдыс-аяқ жуатын машинаны іске қосар алдында суды ашыңыз және судың таза, қосындыларсыз екендігін тексеріңіз.

Төкпе құбыршекті қосу

Төкпе құбыршекті диаметрі 40 мм-ден кем емес су құбырына енгізіңіз. Құбыршектің жоғарғы бөлігі 600 мм-ден астам биіктікте орналаспауды тиіс.

Төкпе құбыршекті A немесе B тәсілімен орнатыңыз.



Құбыршектерден суды ағызу

Егер шұңғылша еденнен 1000 мм-ден жоғары болса, артық су бірден шұңғылшаға ағызылуы мүмкін емес. Құбыршектегі суды шұңғылшадан төмен болатын ыдысқа ағызып алу қажет.

Суды ағызу

Төкпе құбыршекті қосыңыз. Ағып кетулерді болдырмау үшін оның дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Төкпе құбыршекті бүкпешіз және қыспаңыз.

Құбыршектің ұзартқышы

Егер сізге құбыршекті ұзарту қажет болса, дәл қолыңыздағыдай төкпе құбыршекті пайдаланыңыз. Құбыршектің ұзындығы 4 м-ден аспауы тиіс, кері жағдайда ыдыс-аяқ жуатын машина жұмысының тиімділігі нашарлауы мүмкін.

Кәріздік құбырға қосу

Төкпе құбыршекті кәріздік құбырға енгізіңіз немесе оны шұңғылшаға қосыңыз. Құбыршектің бүгілмененіне көз жеткізіңіз. Шұңғылшаның биіктігі 100 см-ден аспауы тиіс. Төкпе құбыршегінің күйін құбыршекке арналған қысқыштың көмегімен бекітіңіз.


Үйдіс-аяқ жуатын машинаны іске қосу

Үйдіс-аяқ жуатын машинаны іске қосар алдында келесілерге көз жеткізіңіз:

1. Үйдіс-аяқ жуатын машина деңгей бойынша тегістелген және бекітілген.
2. Су енгізетін клапан ашық.
3. Қосылыстарда ағып кетулер жоқ.
4. Сымдар сенімді түрде қосылған.
5. Қуат көзі қосылған.
6. Енгізу және төкпе құбыршектері қосылған.
7. Қаптама және жапсырмалар ыдыс-аяқ жуатын машинадан алынған.

Құрылғымен жұмыс

Басқару панелі



1. «Вкл./Выкл.» түймесі.
2. «Дополнительная сушка» түймесі.
3. «Блокировка от детей» түймесі.
4. Кейінге қалдыруды баптау түймесі.
5. «Старт/Пауза» түймесі.
6. «Программа» түймесі.
7. Дисплей.
8. Таңдалған бағдарлама индикаторы.

Индикаторлар

Авто

 Үйдісты күнделікті жууға арналған бағдарлама ластану деңгейінің автоматты анықталуымен.

Қарқынды жуу

 Қатты және/немесе қатып қалған ластанулары бар ыдыс-аяқтарға, кәстрөлдер мен табаларға арналған.

ЭКО

 Қалыпты ластанған ыдысты жууға жарамды стандартты бағдарлама энергия тұтыну мен су шығыны түргысынан осындағы типті ыдысты жууға арналған ең тиімді бағдарлама болып табылады.



Шыны

Шыны мен фаянстан жасалған болымсыз ластанған ыдысты жуу.



90 минут

Болымсыз және қалыпты ластанған ыдысқа арналған бағдарлама.



Жылдам жуу

Мұқият кептіруді талап етпейтін, болымсыз ластанған ыдысты жылдам жуу.



Өздігінен тазалану

Ыдыс-аяқ жуатын машинаны тазалауға арналған бағдарлама.



Шайғыш

Шайғыштың деңгейі төмен.



Жұмсақтқыш

Жұмсақтқыштың деңгейі төмен.



Құбыр сұзы

Су құрылғыға түспейді. Суқұбыр шүмелгінің ашық екенін тексеріңіз.



Дисплей

Дисплейде бағдарламаның уақыты, кейінге қалдырылуы және қателер кодтары көрсетіледі.

Түймелердің сипаттамасы

«Вкл./Выкл.» түймесі

- Құрылғыны іске қосу үшін «Вкл./Выкл.» түймені басыңыз.
- Құрылғыны сөндіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

«Дополнительная сушка» түймесі

Ыңдысты қосымша кептіруді таңдау үшін басыңыз. «Қарқынды жуу», «ЭКО», «Шыны», «90 минут» бағдарламаларымен үйлесімділікте пайдаланылады.

«Блокировка от детей» түймесі

- Балалардан бұғаттауды іске қосу үшін осы түймені басыңыз және 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Бұғаттан шығару үшін операцияны қайталаңыз.
- Осы түймені басқаннан кейін басқару панеліндегі «Вкл./Выкл.» түймесін қоспағанда, барлық түймелер бұғатталады.

Кейінге қалдыруды баптау түймесі

Бағдарламаны кейінге қалдыру үақытын ұзарту/қысқарту үшін басыңыз. Кейінге қалдырудың мүмкіндігінше максималды үақыты – 24 сағат.

«Старт/Пауза» түймесі.

- Бағдарламаны таңданыз және жуу процесін іске қосу үшін осы түймені басыңыз.
- Процесті үзіліске қою үшін жуу бағдарламасы орындалып жатқанда осы түймені басыңыз.
- Бағдарламаның орындалуын жалғастыру үшін тағы бір рет басыңыз.

«Программа» түймесі

Жуудың қолайлы бағдарламасын таңдауға арналған түймені басыңыз, содан кейін таңдалған бағдарламаның индикаторы жанады.

Пайдалануды бастар алдында

Ыдыс-аяқ жуатын машинаны алғашқы рет пайдалануды бастар алдында келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Судың кермектік деңгейін реттеңіз.
2. Ыдыс жуатын машинаға арналған 1 кг тұз қосыңыз, тұз салатын контейнерге су құйыңыз.
3. Мөлшерлегішке шайғыш қосыңыз.
4. Жұғыш құралды қосыңыз.

Сүға арналған жұмсартқыш

Суды жұмсарту судың кермектігін ауыстырып-қосқыш көмегімен қолмен орнатылады.


Суды жұмсартқыш ыдыс-аяқ жуатын машинаның жұмысына қатерлі немесе қолайсыз әсер ететін минералдарды және тұздарды судан кетіруге арналған. Осы минералдар мен тұздардың мөлшері негұрлым жоғары болса, сіздің сұндың соғұрлым кермек болады. Жұмсартқыш сіздің ауданыңдағы судың кермектігіне байланысты бапталған болуы тиіс. Судың кермектігі туралы ақпарат алу үшін сумен жабдықтау қызметтер жеткізуінен хабарласыңыз.

Тұзға арналған контейнер төменгі себеттің астында орналасқан. Контейнерді төмендеңігі нұсқаулыққа сәйкес толтыру қажет.

Назар аударыңыз!

Тек қана ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған тұзды пайдаланыңыз. Тұздың басқа түрлері, әсіресе ас тұзы, су жұмсартқышын бұзуы мүмкін. Ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналмаған тұздарды пайдаланған жағдайда өндіруші ыдыс-аяқ жуатын машинаның ақаусыздығы үшін жауапты болмайды.

Жұмсартқышты тек ыдыс жуудың толық циклі басталар алдында ғана тұзben толтырыңыз. Бұл машинаның тұздың шашыраған түйіршектірінен немесе тұзды судан туындаған коррозияға жол бермейді.



1. Төменгі себетті алып тастаңыз, тұзға арналған контейнердің қақпағын бұрап алыңыз.
2. Құйыштың үшін тесікке орналастырыңыз және ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған шамамен 1 кг тұз себіңіз.
3. Тұз толтырылған контейнерге су құйыңыз. Судың бөлігі төгілуі мүмкін – бұл қалыпты құбылыс.
4. Контейнерді толтырғаннан кейін қақпақты сағат тілі бағытымен тығыздал бұраңыз.

- Контейнер толтырылғанда тұз деңгейінің индикаторы сөнеді.
- Ыдысты жуу бағдарламасы тұзы бар контейнер толтырылғаннан кейін бірден іске қосылуы тиіс. Әйтпесе сүзгі, сорап немесе машинаның басқа бөліктері тұзды судан бұзылуы мүмкін.

Ескерту

- Тұз салынған контейнерді басқару панелінде тұз деңгейінің индикаторы жанғаннан кейін толтыру қажет. Тұз деңгейінің индикаторы, тіпті контейнер толтырылғанда жаңып тұруы мүмкін, бұл тұздың еру деңгейіне байланысты.
- Егер ыдыста тұзды тамшылар қалса, тұз қалдықтарын кетіруге арналған жуудың жылдам бағдарламасын іске қосыңыз.

Тұз шығындалуын реттеу

Ыдыс-аяқ жуатын машина тұздың су кермектігіне байланысты пайдаланылуын реттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұздың шығындалуын оңтайландыру үшін қажет. Тұз шығынын реттеу үшін келесі әркеттерді орындаңыз:

- Есікті ашыңыз, ыдыс жуатын машинаны іске қосыңыз.
- Құрылғыны іске қосқаннан кейін 60 секунд өткен соң, су жұмсартқышы баптауларын орнату үшін, «Программа» түймесін 5 секундқа басыңыз (тұз бен шайғыш деңгейінің индикаторлары жыптылықтайтын болады).
- Су жұмсартқышының баптауларын аймағыныңдағы су кермектігі жағдайларына байланысты таңдау үшін «Программа» түймесін басыңыз, баптаулар келесі реттілікпен өзгереді: Н1->Н2->Н3->Н4->Н5->Н6.
- Баптауды аяқтау үшін «Питание» түймесін басыңыз.

Судың кермектігі		Жұмсартқышты баптау	Дисплейдегі индикация
°dH	Ммоль/л		
0-5	0-0,9	1	H1
6-11	1,0-2,0	2	H2
12-17	2,1-3,0	3	H3
18-22	3,1-4,0	4*	H4
23-34	4,1-6,1	5	H5
35-45	6,2-8,0	6	H6

1-ескерту

°dH = 1.25

°dH – неміс градусы.

2-ескерту

Әдепкі бойынша орнатылған режим: Н4.

3-ескерту

Егер сіздің ыдыс-аяқ жуатын машинаңдың моделінде су жұмсартқышы жоқ болса, нұсқаулықтың осы бөлімін өткізіп жіберіңіз.

Шайғыш

Судың тамшылары ыдыста дақтар мен ағу іздерін қалдырмауы үшін шайғыш соңғы шаю кезінде қосылады. Сондай-ақ шайғыш ыдыстың кебуін жақсартады, өйткені су одан жылдам сорғалайды. Осы ыдыс-аяқ жуатын машина сүйік шайғышты пайдалануға есептелген. Шайғыштың мөлшерлегіші есіктің ішінде жуғыш құрал мөлшерлегішінің

жынында орналасады. Мөлшерлегіштің қақпағын бұрап ашыңыз және сүйік шайғышты жоғарғы деңгейге дейін құйыңыз.

Назар аударыңыз!

Тек қана ыдыс-аяқ жуатын машиналарға арналған шайғыштарды пайдалану қажет. Мөлшерлегішке басқа заттарды (мысалы, ыдыс-аяқ жуатын машина тазартқышын, сүйік жуғыш құралды) қиуға болмайды, бұл ыдыс-аяқ жуатын машинаның бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Сіз шайғыш деңгейін қақпақтың жынында орналасқан индикатордың түсі бойынша көзben қарап тексере аласыз.

Мөлшерлегіш толық болғанда индикатор қошқыл түсті. Шайғыш шығындалуы на байланысты индикатордың қошқыл нүктесінің өлшемі азаяды. Мөлшерле-гіштің көлемнің $\frac{1}{4}$ -нен төмен босауына жол бермеңіз.


Индикатордың мәні

- Толы
- 3/4-ке толы
- 1/2-ге толы
- 1/4-ге толы
- Бос


Толтырылу индикаторы




Шайғышты қосу




1



2



3



Шайғыш реттегіштің түтқасы

1. Мөлшерлегішті ашу үшін қақпақты сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз.
2. Мөлшерлегішке шайғышты қосыңыз.
3. Қақпақты, көрсеткімен туралап, орнына қойыңыз және, сағат тілі бағытымен бұрап, оны жабыңыз.

Үйдисте келесі жуғанда көбіктің артық пайда болуына жол бермеу үшін мөлшерлегішті толтырғанда төгілген шайғыш тамшыларын сүртіп алыңыз. Есікті жабар алдында қақпақты орнына орнатуды ұмытпаңыз.

Шайғыш мөлшерлегішін реттеу

Мөлшерлегіш реттегішінде баптаудың 6 деңгейі бар. Үнемі «4» күйінен бастаңыз. Егер ыдыста дақтар қалса немесе ол нашар кебетін болса, реттегішті «5» күйіне бұрап, шайғыштың мөлшерін көбейтіңіз. Егер проблема әлі де бар болса, реттегішті максималды күйге орнатыңыз. Өндіруші ұсынатын реттегіштің күйі — «4».

Жуғаннан кейін су тамшылары немесе әк дақтары қалса, шайғыштың мөлшерін көбейтіңіз. Егер ыдыста жабысқақ ақ дақтар немесе шыны ыдыс пен пышақтардың жүздерінде көкшіл үлдір қалатын болса, мөлшерді азайтыңыз.

Жуғыш құрал

Құрамында химиялық құрауыштары бар жуғыш құралдар ыдыстан және ыдыс-аяқ жуатын машинадан ласты кетіру үшін қажет. Коммерциялық сапалы жуғыш құралдардың көбі осы мақсат үшін жарамды.

Назар аударыңыз!

Тек қана ыдыс-аяқ жуатын машинадарға арналған жуғыш құралдарды пайдаланыңыз. Жуғыш құралдарды құрғақ жерде сақтаңыз. Егер сіз ыдыс жууды жоспарламасаңыз, жуғыш құралды сеппеніз.

Жуғыш құралдардың үш типі бар:

1. Фосфаттармен және хлормен.
2. Фосфаттармен хлорсыз.
3. Фосфаттарсыз және хлорсыз.

Фосфаттар болмағанда жуғыш құрал суды жұмсартпайды. Бұл жағдайда жұмсартуға арналған түзді пайдалануды ұсынамыз, тіпті судың керметтігі 6 °dH тең болса да. Кермек суда фосфатсыз жуғыш құралмен жуғанды ыдыста дақтар пайда болуы мүмкін. Жақсы нәтиже алу үшін жуғыш құралды көбірек қосыңыз.

Хлорсыз жуғыш құралдар берік және түрлі-түсті дақтарды толығымен кетірмейді. Бұл жағдайда температурасы неғұрлым жоғары бағдарламаларды таңдау қажет.

Қойылтылған жуғыш құралдар

Химиялық құрамына сүйенсек, жуғыш құралдарды екі топқа бөлуге болады:

- қарапайым, күйдіріш құрауыштары бар сілтілі жуғыш құралдар;
- табиғи ферменттері бар төмениңілтілі қойылтылған жуғыш құралдар.

Қойылтылған жуғыш құралдарды және «ЭКО» бағдарламасын пайдалану қоршаған ортаның ластануын азайтады және ыдысты тиімді тазалайды, ейткені қатты ластануларды ерітеді.


Таблеткалар түріндегі жуғыш құралдар

Әр түрлі маркалы таблеткалар түріндегі жуғыш құралдар әр түрлі жылдамдықпен ериді. Осы себептен кейбір жуғыш таблеткалар жуудың жылдам циклдері кезінде толық ерімейді. Жуғыш таблеткалардың толық шайылуын қамтамасыз ету үшін ұзақ жуу циклі бар бағдарламаларды пайдаланыңыз.


Жуғыш құралдың мөлшерлегіші

Жуу циклдерінің кестесінде келтірілген нұсқауларға сәйкес, әрбір ыдыс жууды бастар алдында жуғыш затты мөлшерлегішке қосу қажет. Осы ыдыс-аяқ жуатын машина үшін, қарапайым ыдыс жуатын машинамен салыстырғанда, азырақ жуғыш құрал мен шайғыш қажет. Қалыпты тиегенде ыдыс жууға арналған жуғыш құралдың бір ас қасыры жеткілікті. Қатты ластанулар үшін көбірек жуғыш құрал қажет болады.


Жуғыш құралды әрқашан жууды бастар алдында қосыңыз, әйтпесе ол дымқылданып, нашар еруі мүмкін.



1 Жұғыш құралға арналған бөліктің қақпағын ашу үшін түймені басыңыз.



2 А бөлігіне жұғыш құрал қосыңыз. Егер ыдыс тым лас болса, В бөлігіне қосымша жұғыш құрал қосыңыз.



3 Қақпақты жабыңыз және құлыш бекітілуі үшін түймені басыңыз.

Жұғыш құралдың өндірушісі қаптамада көрсеткен мөлшерлемесі мен сақталуы бойынша талаптарды орындаңыз.

Бағдарламаларға арналған жұғыш құралдың мөлшері туралы ақпарат «Ыдыс жууға арналған бағдарламалар» кестесінде келтірілген. Жұғыш құралдың мөлшері сонымен қатар ластанудың деңгейіне және судың кермектігіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Жұғыш құрал өндірушісінің ұсынымдарын орындаңыз.

Жұғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Ыңдыс-аяқ жуатын машинаның себеттерін тиес

- Үңдыс сатып алғанда үңдыс-аяқ жуатын машинада жууға жарамды үңдысты таңдаңыз.
- «Үңдыс үшін аялауыш» деп белгіленген жұмсақ жуғыш құралды пайдаланыңыз, толық ақпаратты жуғыш құралдар өндішілерінен алуға болады.
- Кейбір үңдыс үшін жуудың минималды температурасын таңдаған жөн.
- Шыны мен асхана аспаптарының бұзылуына жол бермеу үшін оларды үңдыс-аяқ жуатын машинадан бағдарлама аяқталғаннан кейін бірден алып шықпаңыз.

Үңдыс-аяқ жуатын машинада жууға жарамайтын үңдыс пен асхана аспаптары

- Ағаш, сүйек, кәрлен және құбылтасты тұтқалары бар асхана аспаптары.
- Үстікіңде төзімсіз пластик үңдыс.
- Желімделген бөліктегі бар, жоғары температураға төзімсіз ескірген асхана аспаптары.
- Желімделген үңдыс немесе асхана аспаптары.
- Қалайы немесе мыс үңдыс.
- Хрусталь.
- Тоттануға ұшырайтын металл заттар.
- Ағаш табақтар.
- Синтетикалық талшықтардан жасалған заттар.

Үңдыс-аяқ жуатын машинада жуу үшін ішінара жарамды үңдыс пен асхана аспаптары

- Шыны үңдыстың кейбір түрлері үңдыс-аяқ жуатын машинада көп рет жуғаннан кейін көмескілену мүмкін.
- Құміс және алюминий бөліктегі жуған кезде түсінен айырылуға бейім.
- Зерленген оюлар жиі жуғанда жойылуы мүмкін.

Үңдыс-аяқ жуатын машинаны тиегенде келесіге назар аударыңыз Үңдыстан тамақтың артық қалдықтарын, кәстрелден күйген тамақтың жұмсақ қалдықтарын алып тастаңыз. Үңдысты ағынды суға шаю қажеттілігі жоқ.

Үңдысты келесі түрде жайғастырыңыз:

- шыны-аяқтарды, стақандарды, кәстрөлдерді/табаларды түбін жоғары қарастып;
- иілген заттарды немесе оймалары бар заттарды, су еркін ағып кете алуы үшін еністеп жайғастыру керек;
- үңдысты ол құлап кетпейтіндей етіп қойыңыз;
- үңдысты су шашыратқыштары жуған кезде еркін айнала алатындей етіп жайғастыру керек.


Ескерту

- Үңдыс-аяқ жуатын машинада тым ұсақ заттарды жумаған жөн, өйткені олар себеттен түсіп қалуы мүмкін.

- Шыны-аяқтарды, стақандарды, кәстрөлдерді және басқ., олар суға толып кетпеуі үшін, тубін жоғары қаратып жайғастырыңыз.
- Ыдыс пен асхана аспаптары бірінің ішінде бірі жатпауы тиіс.
- Стақандар зақымданбауы үшін бір-бірімен жанаспауы тиіс.
- Жұылұлы ең қызын түсетін үлкен заттарды төменгі себетке қою қажет.
- Үлкен жүзді пышақтарды тігінен қоюға болмайды, ейткені бұл әлеуettі қауіп төндіреді.
- Ұзын және/немесе өткір асхана аспаптарын, мысалы, пышақтарды жоғарғы себетке көлденеңінен қою қажет.
- Ыдыс-аяқ жуатын машинада ыдысты тиеудің тәсілдері

Себет

Орналастырылатын ыдыстың ең үлкен диаметрі – 19 сантиметр.





№	Аспап
1	Шыны-аяқтар
2	Үстелге қойылатын тәрелкелер
3	Стақандар
4	Табақшалар
5	Тәрелкелер
6	Сопақ тәрелкелер
7	Түскі астық тәрелкелер
8	Сорпалық тәрелкелер
9	Десерттік тәрелкелер
10	Асхана аспаптарына арналған себет
11	Үстелге қойылатын қасықтар

Асхана аспаптарына арналған себет

Күміс асхана ыдысы жуылуының ең жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін мұнаған көз жеткізіңіз:

- аспаптар бір-біріне салынбаған;
- күміс асхана ыдысы беттік жағымен жоғары қаратып салынады;
- пышақтар мен басқа әлеуетті қауіпті заттардың тұтқалары жоғары қаратылып жайғастырылған.



№	Аспап
1	Шанышқылар
2	Сорпалық қасықтар
3	Десерттік қасықтар
4	Шай қасықтар
5	Пышақтар
6	Үстелге қойылатын қасықтар
7	Шөміштер
8	Үстелге қойылатын шанышқылар

Назар аударыңыз!

- Аспаптардың өткір бөліктері себеттен шығып тұрмауы тиіс.
- Өткір аспаптардың өткір бөліктерін үнемі төмен қаратып жайғастырыңыз.



Ыңдыс-аяқ жуатын машинаны іске қосу


Жүу циклін іске қосу

1. Үңдысты ыңдыс-аяқ жуатын машинаға тиеніз.
2. Жұғыш құрал құйыңыз.
3. Ашаны розеткаға қосыңыз.
4. Сүмен жабдықтау қосылғанына көз жеткізіңіз.
5. Есікті жабыңыз, «Вкл./Выкл.» түймесін басыңыз.
6. Жуудың қолайлы бағдарламасын таңдау үшін «Программа» түймесін басыңыз, тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.
7. Жұмысты бастау үшін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.

Бағдарламаны өзгерту

1. Жүу бағдарламасын орындауды тоқтатып қою үшін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.
2. «Программа» түймесін басыңыз және 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Жүудың ағымдағы бағдарламасы жойылады.
3. Жуудың лайық бағдарламасын орнату үшін «Программа» түймесін басыңыз.
4. «Старт/Пауза» түймесін басыңыз. Басқаннан кейін 10 секунд өткен соң құрылғы жұмысты бастайды.


Ескерте: егер бағдарлама іске жақында қосылған болса, бағдарлама циклі өзгертілуі мүмкін. Кері жағдайда су мен жұғыш құрал ыңдыс-аяқ жуатын машинаға құйылған болуы мүмкін және жаңа цикл үшін жұғыш құралды қосымша қосу талап етіледі.



Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда ыңдысты қосымша тиесу

1. Жүу бағдарламасын орындауды үақытша тоқтатып қою үшін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.
2. 5 секунд күтіңіз, содан кейін есікті ашыңыз.
3. Үңдысты салыңыз.
4. Есікті жабыңыз.

5. «Старт/Пауза» түймесін басыңыз. Басқаннан кейін 10 секунд өткен соң, құрылғы жұмысты баставайты.



Назар аударыңыз!

Есікті ашқанда сақтақ танытыңыз.

Ыдыс-аяқ жуатын машинада болатын бу өте ыстық және қатты күйіктерге әкелуі мүмкін.



Жүу циклінің аяқталуы

Жүу циклі аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі, содан кейін ыдыс-аяқ жуатын машина тоқтайды. «Вкл./Выкл.» түймесін басып, ыдыс-аяқ жуатын машинаны сөндіріңіз, судың берілуін тоқтатыңыз және есікті ашыңыз. Ыдысты алып шығар алдында бірнеше минут күтіңіз, ыстық ыдыс пен аспапта-рын алып шықпаңыз. Бұл олардың бұзылуына жол бермейді.

Ыдыс-аяқ жуатын машинаны сөндіру

Бағдарлама индикаторы жыпылықтамай жанып түрғанда, бағдарлама аяқталған.

1. «Вкл./Выкл.» түймесін басып, ыдыс-аяқ жуатын машинаны сөндіріңіз.
2. Судың берілуін тоқтатыңыз.
3. Есікті абайлап ашыңыз.
4. Ыдысты бұзылуға көбірек ұшырайды, ыдысты ыдыс-аяқ жуатын машинадан алып шығар алдында ыдыс суығанша 15 минут күту қажет.

Ыдыс-аяқ жуатын машинаға күтім жасау және тазалау

- Ыдысты әрбір жуғаннан кейін судың берілуін тоқтатыңыз және ыдыс-аяқ жуатын машинада ылғал мен істер жиналмауы үшін есікті сәл ашық қалдырыңыз.
- Ыдыс-аяқ жуатын машинаны тазалауды немесе оған қызмет көрсетуді бастар алдында үнемі ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Ыдыс-аяқ жуатын машинаның корпусы мен резенке бөліктеріне күтім жасау үшін еріткіштерді немесе қажақ тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Тек қана жұмсақ мата мен жылды сабынды суды пайдалану керек. Дақтарды

- кетіру үшін сіркесуға сәл малынған жұмсақ матаңы немесе ыдыс-аяқ жуатын машинаға күтім жасауға арналған арнайы құралдарды қолданыңыз.
- Егер ыдыс-аяқ жуатын машина ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, ыдышсыз жуу циклін іске қосу, содан кейін ашаны розеткадан ажырату, судың берілуін тоқтату және есікті сәл ашу ұсынылады. Бұл иістердің пайда болуына жол бермейді және есік нығыздамаларын сақтап қалады.
 - Ыдыс-аяқ жуатын машинаны тігінен жылжытуға тырысыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, оны артқы қабырғасына жатқызуға болады.
 - Нығыздауыштарға тاماқ қалдықтарының түсү иістердің пайда болуы себептерінің біріне айналуы мүмкін. Нығыздауыштарды мерзімді түрде ысқышпен тазалап отырыңыз, бұл иістердің пайда болуына жол бермеуге көмектеседі.

Ыдыс-аяқ жуатын машинаның корпусын тазалау

- Басқару панелін сәл дымқылданған жұмсақ матамен сүртіп алыңыз. Тазалағаннан кейін оны мұқият кептіріңіз.
Корпусқа күтім жасау үшін тұрмыстық техникаға арналған жылтыратқышты пайдаланыңыз.
- Ыдыс-аяқ жуатын машинаға күтім жасау үшін өткір заттарды, қажақ ысқыштарды және қатты әсер ететін тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Есікті тазалау

- Есіктің жиектерін сүртіп алу үшін тек қана жұмсақ дымқылданған матаңы пайдаланыңыз. Есіктің құлпына және электрлік құрауыштарына судың тиоіне жол берменеңіз.
- Кез келген аэрозольді тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз, өйткені бұл құлпытың және электрлік құрауыштардың бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Кейбір қажақ тазартқыш құралдар мен қағаз сұлгілер тот баспайтын болаттан жасалған беттерде сыйаттар қалдыруы мүмкін.

Мұздап қатудан қорғау


Егер қыста ыдыс-аяқ жуатын машина жылтырылмайтын үй-жайдада болса:

- Машинаны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Судың берілуін тоқтатыңыз, шұмектен су беретін тұтікшені ажыратыңыз.
- Су беретін тұтікшеде және шұмекте қалған суды жойыңыз.
- Су беретін тұтікшени шұмекке қосыңыз.
- Сүзгілерді алып тастаңыз, ысқыштың көмегімен төкпе резервуардан суды жинаңыз.

Сүзгіні тазалау


Сүзгі тамақтың ірі қалдықтарының сорапқа түсінен жол бермейді. Тамақ қалдықтары сүзгіге бітеп қалуы мүмкін, бұл жағдайда оны тазалау қажет.

Сүзгілеу жүйесі ірі тазалау сүзгісінен, негізгі сүзгіден және микросүзгіден (жұқа тазалау сүзгісінен) тұрады.



Ашу

1. Сүзгіні сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз.
2. Сүзгіні жоғары қарай алып шығыңыз.




1. Негізгі сүзгі.
2. Жұқа тазалаудың сүзгісі.

Жұқа тазалау сүзгісін, жоғары қарай тартып, негізгіден ажыратыңыз.



3. Тамақтың ірі кесектері ағынды судың ағынымен шайылуы мүмкін. Ұсақтау қалдықтарды кетіру үшін щетканы пайдаланыңыз.




4. Сүзгілерді кері тәртіппен орнына орнатыңыз және сүзгіні сағат тілі бағытымен көрсеткіге дейін бұраңыз.


Назар аударыңыз!

- Сүзгілері орнатылмаған ыдыс-аяқ жуатын машинаны іске қоспаңыз.
- Сүзгіні қате ауыстыру ыдыс-аяқ жуатын машинаның өнімділігін төмендетеді және ыдыстың бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Шашыратқыштарды тазалау



1 Шашыратқышты шешіп алу үшін оны жоғары қарай тартыңыз.



2 Шашыратқыштарды сабынды жылы сумен жуыңыз және бүріkkіштерді жұмсақ щеткамен тазалаңыз. Сумен мұқият шайыңыз және орнына орнатыңыз.

ҮІДЫС ЖҮҮГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР

Ескерту: * белгісі шайғышты қосу қажеттілігін білдіреді.

Бағдарла-ма	Циклдің си-паттамасы	Жүғыш құрал, су-лау / негізгі	Уақыт (мин.)	Энер-гия тұтыну (кВт/сағ)	Су (л)	Шай-ғыш
 Авто	Сулау (45 °C) Жүү (50-65 °C) Шаю Шаю Шаю (68 °C) Кептіру	3/15 г	175	0,7-0,9	6-10	*
 Қарқынды	Сулау (50 °C) Жүү (70 °C) Шаю Шаю Шаю (70 °C) Кептіру	3/15 г (1 немесе 2 дана)	140	0,9	10	*
ЭКО (*EN 50242)	Сулау Жүү (50 °C) Шаю Шаю (70 °C) Кептіру	3/15 г (1 дана)	195	0,61	6,5	*
 Шыны	Жүү (45 °C) Шаю Шаю (60 °C) Кептіру	18 г (1 дана)	75	0,5	7	*
 90' 90 минут	Жүү (65 °C) Шаю (70 °C) Кептіру	18 г (1 дана)	90	0,65	7	*
 Жылдам	Жүү (40 °C) Шаю Шаю (40 °C)	15 г	30	0,23	6	
 Өздігінен тазалану	Жүү (70 °C) Шаю Шаю (65 °C) Кептіру	15 г (1 дана)	80	0,58	6,6	*

*EN 50242: бағдарлама EN 50242 стандартына сәйкес тестіленді.

ЫҚТИМАЛ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Проблема	Ықтимал проблема	Ықтимал шешім
Құрылғы іске қосылмайды.	Сақтандырғыш жаңып кетті немесе қорғау автоматы іске қосыныз. Үйдис-аяқ жуатын машина қосылып түрған құат көзіне қосылған барлық басқа аспаптарды сөндіріңіз.	Сақтандырғышты аудыстырыңыз немесе қорғау автоматын іске қосыныз. Үйдис-аяқ жуатын машина қосылып түрған құат көзіне қосылған барлық басқа аспаптарды сөндіріңіз.
	Құрылғы электр желісінен ажыратылған.	Құрылғының электр желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Судың қысымы тәмен.	Сүмен жабдықтау жүйесіндегі қысымды тексеріңіз.
	Есік дұрыс жабылмаған.	Есікті дұрыс жабыңыз.
Су құрылғыдан кетпейді.	Төкпе құбыршегі бітеліп қалған.	Төкпе құбыршегін тазалаңыз.
	Сүзгі бітеліп қалған.	Сүзгіні тазалаңыз.
	Кәріздік құбыр бітеліп қалған.	Кәріздік құбырды тазалаңыз.
Төкпе құбырда көбік бар.	Қолайсыз жуғыш құрал.	<p>Көбікті болдырмау үшін тек қана ыдыс-аяқ жуатын машинада арналған арнайы жуғыш құралды пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үйдис-аяқ жуатын машинаны ашыңыз және көбіктің булануына жол беріңіз. • Үйдис-аяқ жуатын машинаның тубіне 4 литр суық су құйыңыз. • Үйдис-аяқ жуатын машинаның есігін жабыңыз, содан кейін кез келген бағдарламаны таңдаңыз. Ең алдымен құрылғы суды ағызады. • Төгү кезеңі аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз және көбіктің кеткенін тексеріңіз. Қажет болғанда қайталаңыз.
	Шайғыш төгіліп қалды.	Төгілген шайғышты үнемі сүртіп алыңыз.
Құрылғының ішкі бетіндегі дақтар.	Бояғышы бар жуғыш құрал пайдаланылған.	Бояғышы жоқ жуғыш құралды пайдаланыңыз.

Проблема	Ықтимал проблема	Ықтимал шешім
Құрылғының ішкі бетіндегі ақ, пленка.	Кермек су.	Ішкі бетті тазалау үшін ысқышты және ыдыс-аяқ жуатын машинаға арналған жұғыш құралды пайдаланыңыз.
Асхана аспаптарындағы тот дақтары.	Асхана аспаптары коррозияға тәзімсіз.	Коррозияға бейім асхана аспаптарын ыдыс-аяқ жуатын машинада жуманыңыз.
	Жуу бағдарламасы ыдыс-аяқ жуатын машинаға тұз қосқаннан кейін іске қосылмаған. Тұздың іздері жуу цикліне түскен.	Тұз қосқаннан кейін үнемі жуу бағдарламасын қандай да бір ыдыссыз іске қосыңыз.
	Тұзға арналған бөліктің қақпағы жабылмаған.	Қақпақты әрбір ыдыс жуар алдында жабыңыз.
Құрылғы жұмыс істеп тұрғандағы тырсыл.	Шашыратқыш жуу кезінде себеттегі ыдысқа тиеді.	Жуу бағдарламасын тоқтатып қойыңыз және ыдысты, жұмыс істеген кезде шашыратқыш оған тимейтіндей етіп, қайта орналастырыңыз.
Үйдіс-аяқ жуатын машинаның дырылдауы.	Егер ыдыс аз мәлшерде тиелген болса, су ағындары резервуардың ішкі қабырғаларына тікелей түседі.	Құрылғыға көбірек ыдыс тиеніз немесе машинадағы ыдысты біркелкі етіп үлестіріңіз.
	Үйдистің женіл заттары жуған кезде жылжып кетеді.	Женіл ыдысты берік орналастыру қажет.
Құбырлардағы тықылдау.	Фимараттың санитар-лық-техникалық жабдығына байланысты, өйткени ыдыс-аяқ жуатын машинаның ақаулығы болып табылмайды. Құрылғының жұмысына әсер етпейді.	

Проблема	Ықтимал проблема	Ықтимал шешім
Ыңыстағы тамақ қалдықтары.	Ыңыстың заттары бір-біріне тым жақын орналасқан, себебет толып кеткен.	Ішкі бетті тазалау үшін ысқышты және ыңыс-аяқ жуатын машинаға арналған жұғыш құралды пайдаланыңыз.
	Шашыратқыштың айналуына бірдене кедергі жасап түр.	Ыңысты шашыратқыштың еркін айналуына кедергі жасамайтындей орналастыру.
	Шашыратқыштағы бүріккіштер бітеліп қалды.	Шашыратқыштың бүріккіштерін тазалаңыз.
	Сүзгілер ластанған.	Сүзгілерді тазалаңыз.
	Сүзгілер қате орнатылған және/немесе бекітілмеген.	Сүзгілерді орнатыңыз және бекітіңіз.
	Жуудың қолайсыз бағдарламасы таңдалған.	Жуудың қолайлы бағдарламасын таңдаңыз.
	Жоғарғы себеттің сол және он жақтары бір деңгейде орнатылмаған.	Жоғарғы себетті екі жағынан бір деңгейде орнатыңыз.
	Жұғыш құрал жеткіліксіз.	Келесі жуғанда жұғыш құралды көбірек қосыңыз.
Шыны ыңыс жуғаннан кейін бұлдырып.	Жұмсақ су мен жұғыш құралдың тым көп мөлшерінің үйлесуі.	Сіздің сұзыңыз жұмсақ болса, жұғыш құралды азырақ пайдалаңыңыз. Ыңысты жуудың неғұрлым қысқа циклін таңдаңыз.
Ыңыс пен бокалдарда ақ дақтар пайда болады.	Көрмек су ыңыста қақтың пайда болуына әкелуі мүмкін.	Жұғыш құралды көбірек қосыңыз.
Ыңыстағы қара немесе сүр дақтар.	Дақтар алюминиден жасалған ыңысты жуғаннан кейін пайда болады.	Осы дақтарды кетіру үшін жұғыш құралды пайдаланыңыз.
Жұғыш құрал мөлшерлегіште қалды.	Ыңыс жұғыш құралдың мөлшерлегішін бұғаттайды.	Ыңысты дұрыс орналастырыңыз.

Проблема	Ықтимал проблема	Ықтимал шешім
Үйдис кеп-пеген.	Контейнердегі шайғыш тым аз немесе мұлде жоқ.	Шайғыш қосыныңыз.
	Кептірусіз бағдарлама таңдалған болатын.	Кептіру бағдарламасын таңдаңыз.
	Су ыдыстың және асхана аспаптарының ойықтарында жиналады.	Үйдисти дұрыс орналастырыңыз.
	Пайдаланылатын аралас жуғыш құралы кептірудің төмен тиімділігіне ие.	Кептіру тиімділігі жақсырақ басқа аралас жуғыш затты пайдаланыңыз. Шайғышты қосымша пайдалану кептіру тиімділігін арттырады.
	Үйдис машинадан тым ерте алып шығарылған немесе кептіру процесі аяқталған болатын.	Бағдарламаның аяқталуын күтіңіз немесе үйдисти бағдарлама аяқталғаннан кейін тек 30 минут өткен соң алып шығыңыз.
	Үйдис-аяқ жуатын машинада жууға жарамайтын үйдис пайдаланылған.	Үйдис-аяқ жуатын машинада жууға жарамды үйдисти пайдаланыңыз.

Қателер кодтары


Қате коды	Мәні	Ықтимал себебі
E1	Су жиналуының үақыты үзақ.	Шұмектер ашылмаған, судың берілуі шектелген немесе судың күші төмен.
E3	Су жылымайды.	Қыздырғыш элементтің синузы.
E4	Толып кету.	Үйдис-аяқ жуатын машинаның кейбір элементтеріндегі ағып кетулер.
Ed	Негізгі тақша мен басқару панелі арасындағы байланыс қатесі.	Сымның үзіліү немесе ажыратылуы.

Назар аударыңыз!

- Үйдис-аяқ жуатын машина суға толып кеткенде судың берілуін тоқтатыңыз.
- Егер түпқоймада машинаның толып кетуінен немесе судың ағып кетуінен су болса, машинаны қайта іске қоспас бұрын бүкіл суды жинап алу қажет.
- Егер проблема қайталанатын болса, авторизацияланған сервистік орталыққа жүргініңіз.

Техникалық сипаттамалар

Құрылғы өлшемдері



1. Терендігі (жабық есікпен): 500 мм.
2. Ені: 550 мм.
3. Биіктігі: 438 мм.
4. Терендігі (ашық есікпен): 812 мм.

Ерекшеліктер

Ұлгісі	M6D7PF
Жиынтықтардың стандартты саны	6
Энергия тиімділігінің класы (1)	A+
Жыл сайынғы энергия тұтыну (2)	174 кВтсағ
Жуудың стандартты цикліндегі энергия тұтыну	0,61 кВтсағ
Сөндірлген режимдегі энергия тұтыну	0,45 Вт
Күту режимдегі энергия тұтыну	0,49 Вт
Жыл сайынғы суды тұтыну (3)	1820 л
Кептіру тиімділігінің класы (4)	A
Стандартты бағдарлама (5)	ЭКО 50°C
Бағдарламаның стандартты циклдегі ұзақтығы	195 мин
Шу деңгейі	49 дБ
Орнату	Еркін
Тұтынылатын қуат	1170-1380 Вт
Атаулы кернеу / жиілік	220-240 В / 50 Гц
Судың қысымы (ағынның қысымы)	0.4-10 бар = 0.04-1 МПа

1. A+++ бастап (максималды тиімділік) D дейін (минималды тиімділік).
2. Энергия тұтыну сүйк суды пайдалану және энергияны үнемдеу режимдерінде тұтыну кезінде жуудың 280 стандартты циклі негізінде есептелген. Нақты энергия тұтынуы ыдыс-аяқ жуатын машинаның нақты пайдаланылуына байланысты болады.
3. Судың тұтынылуы жуудың 280 стандартты циклі негізінде есептелген. Судың нақты тұтынылуы ыдыс-аяқ жуатын машинаның нақты пайдаланылуына байланысты болады.
4. A-дан (максималды тиімділік) G-ға дейін (минималды тиімділік).
5. Бұл бағдарлама әдетті ластанған ыдыстарды жууға жарамды, ыдыс-аяқтың осы түрін жуу үшін энергия мен суды үнемді тұтынуды біріктіретін ең тиімді бағдарлама болып табылады.

Нәтижелер ыдыс саны мен ластануына, судың кермектігіне, жуғыш құралдың мөлшеріне және т. б. байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Энергия тиімділігі туралы ақпарат

энергетическая эффективность
посудомоечной машины

Производитель

DEXP

Модель

M6D7PF



СРЕДНЕВЗВЕШЕННОЕ
КОЛИЧЕСТВО
ПОТРЕБЛЯЕМОЙ ЭНЕРГИИ

174
кВт·ч/год



1820
л/год



A_BCDEFG



6



49 дБ



Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5°C -ден 40°C-ге дейінгі ауа температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын қажақ қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:
 - құрылғыдан бар болса, барлық ішкі керек-жарақтарын шығарып алып, оларды бөлек ораңыз;
 - құрылғының жұмысқа жарамдылығы мен сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстығына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сыни жерлерде гофрленген картоннан жасалған астарлары бар полиэтилен немесе бұдырлы пленкаға орау қажет);
 - көлік құралында жылжытылу мүмкіндігін жою үшін құрылғыны белдіктермен мықтап бекітіңіз;
 - сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдалаңыңыз;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманың өте сақтықпен қаралуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы үқыпты қарауды талап етеді, оны шаңың, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату КР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өндеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті турде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян кeltірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Фошань Шуньдэ Мидеа Вошинг Эпплайенсиз ЭмЭфДжи Ко., Лтд.
Ганцянь 20 тас жолы, Бэйцзяо, Шуньдэ ауданы, Фошань, Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Султан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301C, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сүлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301C-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен волтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАӘО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалды пайдалануышыға алдын ала ескертүсіз өзгерілігі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдалануши нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында
көрсетілген.

v.1

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бүйімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бүйімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club